

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Қорғаныс тапсырмасын материалдық, қаржы-кредиттік және құқықтық қамтамасыз ету шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1 тамыз 1994 ж. N 864. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының қорғаныстық қабілеті мен қауіпсіздігін нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушы ұлттық, акционерлік, мемлекеттік холдинг компаниялары, кесіпорындар мен ұйымдар меншік нысандарына қарамастан мыналарды қамтамасыз етсін:

Қарулы күштерге, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарына өнім беріп тұру жөніндегі мемлекеттік қорғаныс тапсырмасын міндетті түрде орындауды және контрактілер жасасуды;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс мұқтажы үшін жалпытехникалық мақсаттағы өнімдерді, қару-жарапты, техниканы және материалдық қаражатты коммерциялық делдал ұйымдарды қатыстырмай сатуды.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мемлекеттік қорғаныс мұқтажын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткеннен кейін бір апта мерзім ішінде өнімдерді сатып алу және беріп тұрудың, жұмыстардың /қызметтердің/ көлемдерін министрліктерге, ведомстволар мен контракті жүйесіндегі ұйымдарға /орындаушыларға/ жеткізіп отырысн.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қорғаныс тапсырысының мемлекеттік тапсырыс жасаушыларының мәлімдеген қорғаныс өніміне алдын ала ақы төлеуі үшін оларды басталған тоқсанның алғашқы онқұндігіне тоқсандық қажеттіліктерінің көлеміндегі бюджеттік қаржымен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне қару-жарап, әскери және арнаулы техника, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға қажет басқа да материалдық ресурстарды сатып алуға жұмсалатын ұлттық валютаны мемлекеттік тапсырыс жасаушылар мен қорғаныс тапсырысын орындаушылардың шоттарындағы қаражат көлемінде бірінші кезекте еркін айналысқа жіберу үсінілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ишкі істер министрлігі,

Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Өнеркәсіп және сауда министрлігі:

пайдаланылмайтын қару-жарақты, әскери және арнаулы техниканы, басқа да материалдық ресурстарды, сондай-ақ қорғаныс кешенінің кәсіпорындары өндіретін өнімдерді сату жұмыстарын жандандырысын;

қару-жарақты, әскери және арнаулы техниканы, басқа да материалдық ресурстарды сатудан түсken қаржы қаражаттарын қорғаныс пен қауіпсіздік мұқтажына қажет өнімдер алуға және жұмыстарға /қызметтерге/ ақы төлеуге, сонымен бірге қорғаныс кешені кәсіпорындарын техникалық қайта жарақтандыруға және экономикалық жағынан ынталандыруға бағытталсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Экономика министрлігі;

мемлекеттік тапсырыс жасаушылармен және мемлекеттік қорғаныс тапсырысын басты орындаушылармен бірлесе отырып қару-жарақты, әскери техниканы және басқа әскери мүлікті сатудан түсken қаражатты жұмсау тәртібін анықтасын;

мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушыларды мақсаттық дотациялар мен субсидиялар бөлу, женілдікпен кредит беру, Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген басқа да женілдіктер беру арқылы экономикалық жағынан ынталандырып отырын.

7. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Республикалық ұланы Қазақстан Дизайнерлер одағымен, "Легром" Мемлекеттік холдинг компаниясымен және басқа мұдделі ұйымдармен бірге 1994 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы күштері, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істері органдары мен Республикалық ұланы үшін мемлекеттік стильдің Кешенді дизайн-бағдарламасының жобасын, сондай-ақ киім, жабдық пен айырым белгілерінің жобалық, техникалық және технологиялық құжаттамаларын, тәжірибелік-эталондық ұлгілерін және сынақтық эксперименттік топтамасын әзірлесін.

8. Қазақстанның шикізат өнімдерін өндірушілеріне жеткізілген және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісілген мемлекеттік тапсырыс берушілердің тапсырмалары мен қорғаныс тапсырысының басты орындаушыларының өтінімдері мемлекеттік қорғаныс тапсырысына жатқызылсын.

9. Республикалық шаруашылық есептегі "Қазлегснабсбытторг" бірлестігіне уағдаластық негізде женіл өнеркәсіп номенклатурасының шикізат ресурстарының көлемін заттай мүлік жөніндегі қорғаныс тапсырысы орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдарда олардың меншік нысандарына және ведомствоаралық бағыныстырығына қарамастан реттеп отыру тапсырылсын.

10. Мемлекеттік контрактілер жасасудан негізсіз бас тартқан немесе қорғаныс

тапсырысын орындаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушылар осы әрекеттерімен Қазақстан Республикасының қорғаныстық қабілеті мен қауіпсіздігіне келтірген нұқсанның және жасасылмаған немесе орындалмаған контрактінің толық көлемінде қаржы жағынан жауапты болады деп белгіленсін, оның көлемін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің келісуімен мемлекеттік қорғаныс тапсырысын жасаушылар анықтайды.

11. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1992 жылғы 24 желтоқсандағы N 394 өкімінің 4-тармағының қүші жойылды деп саналсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК